

**№45 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
педагогикалық кеңесінің
Хаттамасы №1**

31.08.2022ж

Ескіқорған ауылы

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы мектептің оқу- тәрбие жұмыстарына талдау. 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық жоспарын, мектептің ішкі тәртіп ережесін және сабақ кестесін бекіту және 2022-2023 оқу жылындағы өзгерістер туралы.

(хабарламашы:Ж. Утелова)

2.Тарификация, мұғалімдердің жүктемесін, сынып жетекшілердің пән бойынша жүктемелік сағаттарын бөлісу, мұғалімдердің күнтізбелік жоспарын бекіту.

(хабарламашы:Ж. Утелова)

3.Жалпыға бірдей білім беруді қамту, 2021-2022 оқу жылындағы оқу- тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру.

(хабарламашы:Ж. Утелова)

4.Аттестациядан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту.

(хабарламашы:Ж. Утелова)

5.2022-2023 оқу жылындағы үлгілік оқу жоспарын тандау туралы.

(хабарламашы:Ж. Утелова)

6.2022-2023 оқу жылындағы Kundelik.kz: электронды журналының жүргізілуі туралы.

(хабарламашы:Ж. Утелова)

7.Мектеп оқушылары арасындағы ата-анасы жоқ, жетім және тұрмысы төмен балалардың тізімін бекіту.

(Хабарламашы:Т.Тоганова)

8.Лауазымдық міндеттерді бөлісу,бекіту.

(хабарламашы:Ж. Утелова)

9.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Ж.Утелова 2022-2023 оқу жылындағы мектептің оқу- тәрбие жұмыстарына жеке тоқталып өтті.Аталған оқу жылында жетістіктермен қоса кемшіліктерде кездескендігін атап айтты. Алдағы уақытта кемшіліктер үстінде жүйелі жұмыстар жүргізіліп, нақты міндеттер қабылданатындығын ескертті.

Жарыс сөзге Т.Тоганова шығып аталған мәселені мақұлдай келе оқу тәрбие жұмыстарына ерекше мән беру керектігін айтып өтті.Осы мәселені негізге ала отырып,бірлесе нәтижелі еңбек ету етуге шақырды.Жарыс сөзге шыққан Ж.Утелова жана 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын таныстырып өтті. Жауаптыларды атап айтты,

2.Мұғалімдердің күнтізбелік жоспары және апталық жүктемесі бекітілсін.

3.Аттестациядан өтетін мұғалімдердің кестесі бекітілсін.

4. 2022-2023 оқу жылында оқу сабақтары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №356 бұйрығының 1-қосымшасын,және 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығының 1-қосымшасымен белгіленген сағаттары бойынша оқытылсын.

5. Kundelik.kz электронды журналын уақытылы әрі сапалы толтыру барлық мұғалімдерге ескертілсін.

6.2022-2023 оқу жылында жартылай жетім, тұрмысы төмен оқушылардың тізімі төмендегіше бекітілсін:

- 1.Илесбай Дияр 3ә-сынып
- 2.Жунускулова Айдынай 3ә-сынып
- 3.Илесбай Акмал 4-сынып

7.Лауазымдық міндеттер бөліп бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Ж.Утелова
А.Исакова

№45 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
педагогикалық кеңесінің

Хаттамасы №2

04.11.2022ж

Ескіқорған ауылы

Күн тәртібінде:

1. Нормативтік құжат талаптарына сәйкестік, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау.

Хабарламашы: Ж. Утелова

2.1-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.

Хабарламашы: Ж. Утелова

3. Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі туралы.

Хабарламашы: Ж. Утелова

4. «Сынып жетекшісінің ұстанымы».

Хабарламашы: А. Исакова

5. Сынып жетекшісінің лауазымдық нұсқаулығын оқу және толықтыру туралы.

Хабарламашы: Д. Санакулова

6. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы.

Хабарламашы: Т. Тоғанова

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.у.а Ж. Утелова сөз алып нормативтік құжаттардың жүргізілуі және талаптарға сәйкестігі туралы айтып өтті. Мектеп педагогтерінің жүргізу үшін міндетті құжаттары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына сәйкес жүргізілді керектігі жайлы айта келе, аталған бұйрық бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспары, пәндер бойынша орта мерзімді жоспар, бағалау үлгісін, санымен қатар, сынып жетекшілердің жүргізілуі тиіс құжаттарының міндетті түрде педагогтардың және сынып жетекшілерінің жүргізілуі тиіс міндетті құжаттарының тізбесі мен үлгерімін таныстырды. Ағымдағы оқу жылында міндетті түрде педагогтердің және сынып жетекшілерінің жүргізілуі тиіс нормативтік құжаттары талапқа сай, аталған бұйрық бойынша жүргізілуі керек екендігі айтты.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.у.а Ж. Утелова сөзге шығып, 1-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы сөз етті. Сыныптар бойынша оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы сөз етті. Сыныптар бойынша оқушылардың оқу үлгерімі төмендегіше болды:

№	Сынып	Оқушы саны	Үздік	Үлгерімі жақсы оқушылары	Бір «3» бар	Үлгерімі орташа оқушылар	Орташа балл	Сана	Жалпы ОБД
1	2-сынып	13	0	5	0	8	3,6	100	53,66
2	3-сынып	31	3	12	4	16	3,7	100	57,09
3	4-сынып	13	1	6	1	6	3,8	100	61,38
	Жиыны:	69	4	23	5	30	3,7	100	57,38

Төмен білім сапасын көрсеткен пән мұғалімдеріне алдағы уақытта оқушылардың білім сапасын көтеру бағытындағы жұмыстарды жандандыру керектігі жайлы айтты. Сонымен қатар 1-тоқсан барысында оқушылардың сабаққа қатысымы жайлы сөз қозғалды. Оқушылардың сабаққа қатысымы бойынша жасалған мониторингтің қорытындысы бойынша оқушылары көптеп сабақтан қалатын сынып 3-сынып екендігі анықталды. Мектеп меңгерушісі м.у.а Ж.Утелова алдағы уақытта оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауы үшін ата-аналарымен, оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуі керектігін сынып жетекшілерге ескертті..

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.у.а Ж.Утелова оқу жылы барысындағы Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі туралы айтып өтті. 1-тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдерінің жеке пайыздық көрсеткіштерін атап көрсетті. 1-тоқсанда оқушының формативті бағасы, БЖБ,ТЖБ баллдарын өзгерткен мұғалімдерге тоқталды. Атап айтқанда, Г.Ергашова БЖБ баллдарын өзгерткендігі туралы айта келе, алдағы уақытта өзгетілген жағдайда қатаң тәртіптік шара көрілетіндігін ауызша ескертті. Электронды журнал қатаң есептегі құжат екендігін ескеріп, журналды уақытылы әрі сапалы толтыру керектігін ескертті. Алдағы оқу жылындағы қателіктерді болдырмау керектігін қатаң ескертті.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша А.Искова сөзге шығып , өзінің «Сынып жетекшісінің ұстанымы»атты баяндамасын оқыды. Сынып жетекшісінің бала тәрбиесіндегі алатын орны зор екендігін айта келе ,сынып жетекшісінің міндеті,максаты және ұстанымы туралы сөз етті.

5.Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Д.Санакулова сынып жетекшісінің лауазымдық нұсқаулығын оқып таныстырды.Атап айтқанда сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру,сынып жетекшісінің лауазымдық міндеттері және білуге тиіс заңнамаларына тоқталып өтті.

6.Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша мектеп тәлімгері Т.Тоғанова сөз алып, оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы айтып өтті. Мектеп бойынша жалпы 69 оқушы білім алып жатқандығын айта келе,оқушылар арасында 1-тоқсан қорытындысы бойынша ешқандай құқық бұзушылық фактілері орын алмағандығын айтты. Сонымен қатар,қазіргі қоғамда оқушылар арасындағы орын алып жатқан тәртіпсіздіктерге тоқталып өтті. «Бала тәрбиесі-тал бесіктен» демекші, бала тәрбиесіне үлкен мән беріп ,бейжай қарамау керек екендігі туралы айтты.

Жарыс сөзге мектеп мұғалімі Г.Рахматов шығып айтылған сөздерді құптай келе, оқушылардың іс-әрекетіне немқұрайлы қарамау керектігін сөз етті. Оқушылардың тәртібін үнемі бақылауға алып,қадағалап отыру керектігін айтып өтті.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.у.а Ж.Утелова мектептегі санитарлық талаптардың сақталуы және қысқы мерзімдегі сынып бөлмелерінің жылулығы туралы сөз етті.

Шешім етеді:

1. Педагогтерінің жүргізу үшін міндетті құжаттары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына сәйкес жүргізілсін.
2. 1-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Kundelik.kz электронды журналы уақтылы әрі сапалы толтыру барлық мұғалімдерге ескертілсін.
4. А.Исакова баяндамасы қанағаттанарлық деп табылсын.
5. Сынып жетекшісінің лауазымдық нұсқаулығы орындалсын.
6. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жандандырылсын.
7. Мектептегі санитарлық талаптарды сақтау және қысқы жылыту маусымындағы сыныптардың жылулығы қатаң бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы:

Ж.Утелова

Хатшы:

А.Исакова



**№45 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
педагогикалық кеңесінің
Хаттамасы №3**

05.01.2023

Ескіқорған ауылы

Күн тәртібінде:

1.1-жартыжылдық қортындысы.

(Хабарламашы: Ж. Утелова)

2. Onlaine Мектеп электронды журналының жүргізілуі туралы.

(Хабарламашы: Ж. Утелова)

3. Республикалық «Қамқорлық» акциясын өткізу туралы.

(Хабарламашы: Т. Тоғанова)

4.Мектептегі жартылай жетім,тұрмысы төмен оқушылардың кестесін бекіту.

(Хабарламашы: А. Исакова)

5.Мектеп мұғалімдерінің іс-құжаттарының жүргізілуі туралы.

(Хабарламашы: Ж. Утелова)

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.у.а Ж. Утелова сөз алып, 1-жарты жылдық қорытындысы туралы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы сөз етті. Мектепте жалпы оқушы саны 70, мектеп алды дайындық тобында 19 оқушы білім алып жатыр. Келген кеткен оқушылар жоқ.

№	Сынып	Оқушы саны	Оқу азаты	Екпінділер	Үлгерушілер	Үлгермеуші	Бір пән бойынша «Ф»	Бір пән бойынша «З»	Білім саласы	Үлгерім саны	Орташа бал
1	2 сынып	13	1	5	7	0	1	0	46%	100%	3.68
2	3 сынып	31	3	15	13	0	0	0	58%	100%	3.75
3	4 сынып	13	1	6	6	0	1	0	54%	100%	3.8

Барлығы	57	5	26	26	0	2	0	54%	100%	3.74
---------	----	---	----	----	---	---	---	-----	------	------

Оқушылардың сабаққа қатысымы бойынша мониторингтің қорытындысы бойынша оқушылары көптеп сабақтан қалатын сынып екендігі анықталды. Мектеп меңгерушісі м.у.а Ж.Утелова алдағы уақытта оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауы үшін ата-аналар мен оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуі керектігін сынып жетекшілерге ескертті.

2. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.у.а Ж.Утелова оқу жылы барысындағы Bilimland.kz электронды журналының жүргізілуі туралы айтып өтті. 1-тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдерінің жеке пайыздық көрсеткіштерін атап көрсетті. 2-тоқсанда оқушының формативті бағасы, БЖБ,ТЖБ баллдарын өзгерткен мұғалімдерге тоқталды. Атап айтқанда, Г.Ерғанова БЖБ баллдарын өзгерткендігі туралы айта келе, алдағы уақытта өзгетілген жағдайда қатаң тәртіптік шара көрілетіндігін ауызша ескертті. Электронды журнал қатаң есептегі құжат екендігін ескеріп, журналды уақытылы әрі сапалы толтыру керектігін ескертті. Алдағы оқу жылындағы қателіктерді болдырмау керектігін қатаң ескертті.
3. Күн тәртібінде үшінші мәселе бойынша мектеп тәлімгері Т.Тоғанова сөз алып жыл сайынғы дәстүрлі «Қамқорлық» акциясының өтілуі туралы мектеп меңгерушісінің 04.01.2023 жыл күнгі № бұйрығы бойынша іс- шаралар жоспары жасалып, мектеп әкімшілігінен жауапты қызметкерлер белгіленгендігін айта келе, мектептегі атаулы әлеуметтік көмек алатын, оқушылардың арасынан және көп балалы отбасынан шыққан көмекке мұқтаж, әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға көмек қолын созу қажеттігі туралы айтып өтті.
4. Төртінші мәселе бойынша бойынша мектептің педагог-психологы А.Исакова сөзге шығып мектептегі жартылай жетім,тұрмысы төмен оқушылардың кестесін жасап бекіту туралы айтты. Жартылай жетім бір оқушы:
 1. Ергеш Бану 3 «а» сынып
5. Бесінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.у.а Ж.Утелова сөз алып Мектеп мұғалімдерінің іс-құжаттарының жүргізілуі және талаптарға сәйкестігі туралы айтып өтті. Мектеп педагогтерінің жүргізу үшін міндетті құжаттары Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым 2022 жылғы қыркүйектегі № бұйрығына сәйкес жүргізілуі керектігі жайлы айта келе, аталған бұйрық бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспары, пәндер бойынша орта мерзімді жоспар, бағалау үлгісін, санымен қатар, сынып жетекшілердің жүргізілуі тиіс құжаттарының міндетті түрде педогогтардың және сынып жетекшілерінің жүргізілуі тиіс міндетті құжаттарының тізбесі мен үлгерін таныстырды. Ағымдағы оқу жылында міндетті түрде педагогтердің және сынып жетекшілерінің жүргізілуі тиіс іс құжаттары талапқа сай, аталған бұйрық бойынша жүргізілуі керек екендігі айтты.

Шешім етеді:

1.1-жартыжылдық қортындысы қанағаттанарлы деп танылсын.

2. Bilimland.kz электронды журналының жүргізілуі уақытылы әрі сапалы толтыру барлық мұғалімдерге ескертілсін.
3. Республикалық «Қамқорлық» акциясын өткізу туралы бұйрығы қанағаттанарлы.
4. Мектептегі жартылай жетім, тұрмысы төмен оқушылардың кестесін бекіту қанағаттанарлы деп танылсын.
5. Педагогтерінің жүргізу үшін міндетті құжаттары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 202 жылғы қыркүйектегі № бұйрығына сәйкес жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Ж.Утелова

З.Қалтай

**№45 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
педагогикалық кеңесінің
Хаттамасы №4**

24.03.2023ж

Ескіқорған ауылы

Күн тәртібінде:

1.3-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.

(Хабарламашы: Ж. Утелова)

2.Billimland.kz электронды журналының жүргізілуі туралы.

(Хабарламашы: Х.Оналбаева)

3.Тәрбие бойынша атқарылған жұмыстардың есебі.

(Хабарламашы:А.Исакова)

4. «Мүғалімдер мен дарынды оқушылардың өзара әрекеттесу формалары мен әдістерін жетілдіру»

(Хабарламашы: А.Исакова)

5.Пәндік олимпиадаларға қатысу нәтижелері.

(Хабарламашы: Г.Ергешова)

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі м.у.а Ж.Утелова сөз алып 3-тоқсанның қорытындысына тоқталды. 3 тоқсанда мектептің жалпы білім сапасы 55,5 пайызды құрағандығын айта келе, өткен тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы пайызға артқандығын айтып өтті. Дегенмен, мұғалімдерге оқушылардың білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру қажет екендігін айтты. Әр сынып бойынша білім сапасы талдай келе, төмен сапа көрсеткішін көрсеткен пән мұғалімдеріне алдағы уақытта білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру қажет екендігі ескертілді.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Х. Оналбаева Billimland.kz электронды журналының жүргізілуі туралы айтып өтті. 3тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдерінің жеке пайыздық көрсеткіштерін атап көрсетті. Тоқсан оқушының формативті бағасы, БЖБ,ТЖБ балдары ешбір пән мұғалімдері тарапынан өзгертуге жол бермегендігін атап өтті. Электронды журнал қатаң есептегі құжат екендігін ескеріп, журналды уақытылы әрі сапалы толтыру керектігін ескертті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп тәлімгері А.Исакова 3- тоқсандағы тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстарының есебін береді. А.Исакова өз сөзінде мектепте жалпы 79оқушы, мектеп алды дайындық тобында 19 тәрбиеленуші білім алып жатқандығын айта келе, тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес 3- тоқсанда атап өтілетін іс шаралар өз деңгейінде атап өтілгендігін, мектеп оқушылары өткізілген түрлі іс шараларға белсене қатысқандығын айтып өтті. Сонымен қатар 1,2 сыныптағы қыздар арасында қыз балаларды адамгершілік ,адалдық, инабаттылық қасиеттерді бойына сіңіру, халқымыздың ізгі қасиеттері имандылық, инабаттылық негізінде тәрбиелеу мақсатында «Қыз сыны» байқауы өткізіліп, жеңімпаз оқушы қыздар анықталып, жүлделі орындармен марапатталғанын айтып өтті. Одан кейін «Қош келдің-әз Наурыз» мерекелік іс шараны атап өтіп оқушыларға өзіміздің салт дәстүрімізді дәріптеп ұлттық ойындықтарымызды ойнатып жеңген сыныпқа «Алғыс хат» берілді.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектептің педагог психолгы А.Исакова «Мұғалімдер мен дарынды оқушылардың өзара әрскеттесу формалары мен әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы баяндамасын таныстырды. Ол өз баяндамасында дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы басты міндет балалардың қабілеттері мен талаптарын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың ерекшеліктерін анықтау мен айқындау болып табылатындығын айтты. Ең алдымен баланың неге бейім екендігін ескеру керектігін, сонымен қатар баланың психологиясын педагогикалық тұрғыдан жете бақылап, әр баланың жеке дара қасиеттерін, қабілеттерін ашуда жүргізуге болатын түрлі жұмыстарға тоқталды.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Г.Ергешова сөз алды. Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 18.01.2023 жылғы №230 19/02-03/199 шығыс қатына сәйкес «Алтын сақа» математикалық олимпиадасына 3-4 сынып оқушылары қатысып жеңіп шыққан оқушылар 3-ә сынып оқушысы Илесбаев Дияр, 4- сынып оқушысы Райым.Мурат екеуі 1-орынға ие болды. Екеуіде ауданға жіберіліп Илесбаев.Дияр Алғыс хатқа ілінді.

Шешім етеді:

- 1.3тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Billimland.kz электронды журналының жүргізілуі уақытылы әрі сапалы толтыру барлық мұғалімдерге ескертілсін.
- 3.Мектеп тәлімгері А.Исакова 3-тоқсандағы тәрбие бойынша атқарылған жұмыстардың есебі қанағаттанарлық деп табылын.
- 4.А.Исакованың баяндамасы қанағаттанарлық деп табылсын, дарынды оқушылармен жұмыс жандандырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Ж.Утелова

З.Қалтай

**№45 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
педагогикалық кеңесінің
Хаттамасы №5**

02.06.2023ж

Ескіқорған ауылы

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың үлгерімі, 4-тоқсан мен жылдық білім деңгейін салыстырмалы бақылау.
2. 1-4 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру туралы. Үздік оқушыларды марапаттау туралы.
3. Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі туралы.
4. Педагог-психолог пен тәлімгердің II-жартыжылдықта атқарған жұмыстарының есебі.

Тыңдалды:

1. Оқушылардың үлгерімі, 4-тоқсан мен жылдық білім деңгейін салыстырмалы бақылау бойынша мектеп меңгерушісі м.у.а Ж. Утелова сөз алды. Жыл қорытындысы бойынша оқушылардың алған білім, білік дағдыларына салыстырмалы анализ жасау, білім сапасын талдау. Мектеп ғимараты 60 орындық оқушыға арналған ғимарат. Мектеп екі ауысымда жұмыс істейді. Мектептің жалпы білім беру жүйесі күндізгі оқыту түрінде. 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі №368 бұйрығымен жүргізілді. 2022-2023 оқу жылы 2022 жылғы 1 қыркүйекте басталды.

2. 1-4 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру туралы. Үздік оқушыларды марапаттау туралы мектеп меңгерушісі м.у.а Ж. Утелова сөз алып 05.06.2023 жылғы №3 Бұйрығы мен сәйкес «1,2,3,4,5» қосымшаларға сәйкес сыныптарға оқушылар сыныптан сыныпқа көшірілсін.

3. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Х. Оналбаева Bilimland.kz электронды журналының жүргізілуі туралы айтып өтті. 3тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдерінің жеке пайыздық көрсеткіштерін атап көрсетті. Тоқсан оқушының формативті бағасы, БЖБ, ТЖБ баллары ешбір пән мұғалімдері тарапынан өзгертуге жол бермегендігін атап өтті. Электронды журнал қатаң есептегі құжат екендігін ескеріп, журналды уақытылы әрі сапалы толтыру керектігін ескертті. Келесі оқу жылында жіберген қателіктеріміз қайталамауға тырысайық деп өз сөзін аяқтады.

4. Педагог-психолог пен тәлімгердің II-жартыжылдықта атқарған жұмыстарының есебі бойынша мектеп педагог психологы мен мектеп тәлімгері уақытша А.Исакова өз есебін берді.

Шешім етеді:

1. Оқушылардың үлгерімі, 4-тоқсан мен жылдық білім деңгейін саыстырмалы бақылау қанағаттанарлы деп табылсын.
2. 1-4 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру туралы. Үздік оқушыларды марапаттау туралы «1,2,3,4,5» қосымшаларға сәйкес сыныптарға оқушылар сыныптан сыныпқа көшірілсін.
3. Bilimland.kz электронды журналының жүргізілуі қанағаттанарлы деп табылсын.
4. Педагог-психолог пен тәлімгердің II-жартыжылдықта атқарған жұмыстарының есебі қанағаттанарлы.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Ж.Утелова
З.Қалтай